

22 шілде
Сейсенбі,
2025 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ШӨПТІ ҚАШАН АЛАСЫҢ?

ЕСТЕРІҢІЗДЕ БОЛСА, БҰДАН БІРНЕШЕ ЖЫЛ БҰРЫН ҚЫСТЫҢ ОРТАСЫНДА БІР АУЫЛДА БІР ТҰРҒЫННЫҢ ШӨБІ ТАУСЫЛЫП ҚАЛДЫ. СОДАН ОЛ АСТАНАҒА АРЫЗ ЖАЗДЫ, АҚЫРЫ АЙҚАЙ-ШУ, БІРАЗ ДҮРБЕЛЕҢ ТУДЫРДЫ. ҚЫСТЫҢ ҚАҚ ОРТАСЫНДА АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ДАЛАДА ҚАР АСТЫНДА ҚАЛҒАН ШӨПТІ АРШЫТЫП, ТАСЫТЫП БЕРДІ.



Содан «үш жылдығын» айтпағанда, «қыстың қамын жазда ойламаған» сол тұрғынның қолындағы қысқа түсетін малына қажетті азығын жеткілікті дайындамағаны үшін жергілікті әкім «таяқ жеді». Осыны арқау қылып, басқаларға сабақ болсын деп мақала жазған бізге де мін тақты! Шынына келгенде мен түгілі әкімнің жазығы жоқ. Бірақ, ауылдың қысқа дайындығын бақылаудан шығарған әкімнің салғырттығы сеп болыпты. Ақылға салсақ, жеке тұрғынның ауласындағы азын-аулақ малға азық дайындау үшін әкімнің қандай қатысы бар? Бірақ, өз ісінің мінін түзей алмаса да, жатып ішіп, әлеуметтік желіге

не болса соны жариялайтын блогерсымақтар біреудің ісінен сын табуға құштар! Ал, кейбіреулер малды жақсы көреді. Бірақ, оған азық бергісі келмейді. Содан кейін кінәні біреуден іздейді. Малдан өнім алғың келсе — азығын аяма! Ал, ауданда мал азығын дайындау қарқынды жүріп жатқанымен, тұрғындардың жылдағы әдетпен ауласына шөп түсіруі әлі баяу. Мәселен, Ойыл ауданындағы шаруа қожалықтары мен жеке тұрғындардың қолдарындағы малға қажетті азықтың бір жыл жарымдық қорын жасақтау үшін — 132 мың тоннаға жуық шөп дайындалу керек! Бүгінгі күні 28 мың тонна дайындалды.

Оның 8 мың тоннасын шаруашылықтар қыстақтарға тасып қойса, тұрғындар 10 мың тонна ғана шөп алыпты. «Шегірткеден қорыққан егін екпейді» дегендей, бұрын жұртшылық аптап ыстықта әртүрлі қатерлерден қорқып шөп түсіруге асықпайтын. Соңғы жылдарғы күзгі-қысқы жаңбырдан қорғау үшін тұрғындардың ішінде бағасы жыл сайын қымбаттап бара жатқан шөпті сақтайтын қойма-қора салып алғандары да көп. Бірақ, солар да әлі арқаны кеңге салып отыр. Өрине, жылда мал азығының күн өткен сайын сапасы төмендей беретінін айтып келеміз! Шаруаның жайын білетіндер ертерек етек-жеңін

жинап, қамданып жатыр. «Көгалды қуып, гөләйттап...» жүргендер де әлі көп. Ертең қарашаның қара суығы ұрғанда шөп іздеп, «тал қармайды!». Бірақ, «сапасы төмен, бағасы қымбат!» - деп кінәні тағы жұрттан іздейді. Қазір әр сенбі сайын мал азығының жәрмеңкесі ұйымдастырылып отыр. Алайда, шөп тиелген көліктердің түске дейін тұрғанын көріп жүрміз. Демек, Ойылға келіп тұрған шөпті әлі де алуға асығар емеспіз. Бірақ, мал азығы — ертеңгі ел азығы екенін естен өсте шығармауымыз керек.

С. ХАМЗИН,
Ойыл селосы.

ДАУЛАРДЫ ТАТУЛАСУ ТӘРТІБІМЕН ШЕШУ ҮШІН...

Дауларды татуласу тәртібімен шешу - бұл екі тараптың өзара келісімге келіп, сотқа жүгінбей немесе сот ісін тоқтатып, бейбіт жолмен жанжалды шешуі. Бұл тәсіл көп жағдайда уақытты, шығынды және жүйке тозуын азайтады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында дауларды татуласу жолымен шешудің бірнеше нысаны қарастырылған: **МЕДИАЦИЯ ТӘРТІБІМЕН ШЕШУ**

Медиация - тараптардың дауын кәсіби медиатор көмегімен бейтарап әрі бейбіт түрде шешу процесі. Оның артықшылықтары — ол процеске қатысатын медиатор бейтарап болады, құпиялылық сақталады, жылдам шешіледі, шығын аз. Медиатор - арнайы дайындықтан өткен, аккредиттелген тұлға. Ол тараптарға келісімге келуге көмектеседі, бірақ шешімді өзі қабылдамайды. **ТАТУЛАСТЫРУШЫ СУДЬЯ АРҚЫЛЫ**

Сотқа дейін немесе сот барысында тараптар татуласқысы келсе, татуластырушы судья олармен жеке жұмыс істей алады. Ерекшелігі - ол судья дауды шешпейді, тек келісімге келуге жәрдемдеседі.

Келісімге келсе, сот шешімімен бекітіледі және заңды күшке ие болады.

АРАЛЫҚ СОТ (ТӨРЕЛІК) АРҚЫЛЫ

Аралық сот - тараптардың келісімімен құрылатын балама сот. Мұнда шешімді төрешілер шығарады. Қолайлы жағдайлар - ол іскерлік даулар үшін тиімді; шетелдік серіктестермен келісімшарттарда жиі қолданылады; құпиялылық жоғары деңгейде сақталады. Нотариалды куәландырылған келісімдер. Егер дау туындауы мүмкін болса, тараптар нотариус арқылы өзара келісімді алдын ала рәсімдей алады. Бұл келісім заңды құжат ретінде мойындалады. Келісімді орындамау - заң бұзушылық болып саналады және орындауға мәжбүрлеу шаралары қолданылады (атқарушылық іс жүргізу тәртібімен). Дауларды татуласу тәртібімен шешу - жанжалды шешудің тиімді, үнемді әрі бейбіт жолы. Бұл қоғамда өзара түсіністікті арттырып, сот жүйесіне түсетін жүктемені азайтады. Медиацияны бір деңгейде қолдасақ, халқымызға тигізетін игі әсері мол.

Сауле ТАНИМОВА,
Ойыл аудандық сотының
төрағасы.

ӨЗІНДІК
ҚАУІПСІЗДІК
БАСҚАРМАСЫ



Халқыңа Адал Қызмет ет

Сенім телефоны
8-771-267-55-99

Instagram
usb_dp_aqtobe

«САРБИЕ - АЛТЫН БЕСІК ТУҒАН ЖЕРІМ!»

ӨТКЕН ЖҰМА КҮНІ «ТӨУЕЛСІЗДІКТІҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫ» АТЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ САЯБАҚТА САРБИЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «САРБИЕ - АЛТЫН БЕСІК ТУҒАН ЖЕРІМ» АТТЫ АУЫЛ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛІК ШАРА ӨТТІ.



Мерекелік шараның шымылдығын ашқан Сарбие ауылдық округінің әкімі Әсет Кереев ауыл тұрғындарын мерекемен құттықтап, елдің ынтымағы мен бірлігін тілеп, жерлестерін ауылдың дамуы жолында жұмыла еңбек етуге шақырды. Ауыл күні аясында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі, ұлттық тағамдар ұсынылды. Сонымен қатар, «Қойнауы құтқа толған - Сарбием» атты көрме, ұлттық тағамдарды дөріптеу сағаты, «Шапағат» әжелер клубының салт дәстүрі көрсетілді. Жастар арасында спорттық

жарыстар — асық ату, ләңгі тебу және бес асық ойындары өткізіліп, ауыл жастары белсенділік танытты. Сонымен қатар Сарбие ауылдық округі бойынша "Ауыл аманаты" мемлекеттік бағдарламасына қатысушылардың жұмысы бойынша ақпараттар ұсынылды. Кешкісін ауыл өнерпаздарының қатысуымен өткен концерттік бағдарлама көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Мерекелік шара ауыл жұртшылығын біріктіріп, туған жерге деген сүйіспеншілікті арттырған игі бастама болды.

«АЛАҚАЙ» ШАТТЫҚҚА БӨЛЕДІ

ҚАРАСУ НЕГІЗГІ МЕКТЕБІ ЖАНЫНАН «АЛАҚАЙ» ЛАГЕРІ АШЫЛЫП, ОҚУШЫЛАР БЕЛСЕНДІ ҚАТЫСТЫ. ЖАЗ — БАЛАЛАР ҮШІН ЕРКІНДІК ПЕН ШАТТЫҚТЫҢ МАУСЫМЫ.



Осы мезгілде жазғы демалыс лагерінің орны ерекше. Лагерь — тек ойын мен тынығу орны емес, тәрбие мен даудың тамаша алаңы. Осы мақсатта мектебіміздің жанынан ашылған «Алақай» лагерінде оқушылар спортпен айналысып, шығармашылық қабілеттерін дамытты. Қызықты жарыстар мен сайыстар балалардың өз-өзіне деген сенімін арттырып, достық қарым-қатынасты нығайтты. Лагерьдегі іс-шаралар балаларды тәртіпке, бір-бірін сыйлауға, жауапкершілікке тәрбиеледі. Қарасу негізгі мектебінің ауласында жазғы демалыстың алғашқы күнінде балалар үшін қуанышты оқиға болды.

Бұл маңда жаңа ойын алаңы салынып, пайдалануға берілді. Бұл бастама ауыл балаларының бос уақытын тиімді, қауіпсіз әрі көңілді өткізуге бағытталды. Жаңа сырғанақтар, әткеншектер, секіруге арналған жұмсақ жабдықтар, футбол және доп алаңы балалардың еркін ойнауына жағдай жасады. Мұның бәрі балалардың физикалық дамуына, бір-бірімен достық қатынас орнатуына ықпал етпек.

А.ДҮЙСЕҒАЛИЕВА,
Қарасу негізгі мектебі
директорының
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

ТАРЫ ҚАУЫЗЫНДАҒЫ ТАҒДЫРЛАР



Ашаршылық жылдары тары қалай халықты сақтап қалды? Бұл күні тары қосылған шай ішеді, десерт ретінде жейді. Оны тіпті сәнді мейрамханалардың мәзірінен де ұшырастыруға болады. Алайда жүз жылға жетер-жетпес уақыт бұрын тары — аспаздар пісіретін дәмді тағамның бір бөлігі ғана емес, жан сақтайтын жалғыз тіршілік көзіне айналды. БҰҰ Бас Ассамблеясының 2023 жылды Халықаралық тары жылы деп жариялағаны да бекер емес. Оған тарының қуаңшылыққа төзімді және оған климаттың өзгеруі әсер етпейтіні себеп еді. Философия ғылымдарының кандидаты Үмбетқан Сәрсембин аштық жылдарындағы қиын-қыстау күндері тарының қазақтарды қалай аман алып қалғаны туралы баяндайды.

КЕНЕСАРЫ ХАН ЖӘНЕ ЕГІНШІЛІК

Қазақ халқы тарыны хандар заманында да өсірген. Кенесары кезінде, мәселен, рухани көсем, қолбасшы және ағартушы Марал ишан егіншілікпен айналысып, елді осы кәсіпке жұмылдырған екен.

Бұл туралы тарихшы Ермұқан Бекмаханов былай жазады: «Кенесарының шаруашылық саласындағы шаралары ерекше көңіл қоюға тұрарлық. Ол қазақтар арасында егіншілікті тарауға тырысты. Отырықшылық пен егіншілікке көшу идеясы шын мәнінде Абылай ханнан қалған еді. Атасының ісін немересі Кенесары жалғастырғысы келген. Әскери қимылдардың басталуына байланысты Кенесарының қол астындағы қазақтар енді бұрынғыдай шекара маңындағы орыс тұрғындардан немесе Қоқан мен Хиуадан астық сатып ала алмайды. Кенесары үшін тұйықтан шығудың бірі ғана жолы — қазақтардың егіншілігін кеңейту болды...».

Торғай, Ырғыз өңірінде Кенесары ауылдары алты жылдай отырды. Ханның әскері, оған келіп қосылған ауылдар да, мал саны да көбейді. Ырғыздағы Тәуіп пен Торғайдың арасында Кенесарының көктемде мал төлдететін, егін салатын жерлері болған. Ырғыз ауданындағы ауылдардың 1925 жылға дейін тары өккені жайлы ресми кеңес құжаттарынан білеміз. Революциядан кейін 1925 жылдардан бастап Кеңес үкіметі қазақ ауылдарына сырттай зерттеу жүргізе бастайды. Осыған байланысты тарихи құжаттарда қазақ ауылдарының тұрмысы, рулардың бір-бірімен байланысы, адам саны, соның ішінде діни тұлғалар мен байлардың үлесі, халықтың шаруашылығы, жайлау мен қыстауы туралы мәліметтер, тіпті сауда жасайтын орындарға дейін жазылған. Мәселен, Ақтөбе облыстық мемлекеттік мұрағатының дерегіне сөйкес, Ырғыз ауданына қатысты мәліметтер беріліп, онда 1925 жылға дейін бұл аймақтағы ауылдардың тары өккені айтылады.

ҚАНДЫҚОЛ САЯСАТТАН ТАРЫҒА ДЕҮІН

Бұл жиналған мәліметтер кеңес билігінің бүкіл ел бойынша жүргізген ауқымды саяси-экономикалық кампаниясы алдындағы барлау деуге келеді.

1928 жылы Қазақ өлкелік комитетінің хатшысы Ф.Голощекиннің басшылығымен құлақтарға қарсы бүкілодақтық күрес аясында байларды қудалау басталды. Бір жылдан кейін тағы бір жаңа бағдарлама іске қосылды. Ол көшпенді халықты колхоздар мен совхоздарға күштеп кіргізіп, еркінен тыс отырықшылыққа үйретуді мақсат етті. 1930 жылы 5 қаңтарда Голощекиннің атынан Ақтөбе округтік комитетіне (Актюбинск округком ВКП(б) жеделхат жолдағаны туралы дерек мұрағат қорларында сақталған: «Ауылшаруашылық кооперациясы жүйесін қайта құруға байланысты қарапайым кооператив бірлестіктерінің ауылдық өндірістік бірлестік түрі — байлар мен құлақтарды қатаң түрде оқшаулау, олардың колхоздың бірінші сатысы болып есептелетін кооператив бірлестіктерге қосылуына түбегейлі тыйым салу»). 1931–1933 жылдардағы ашаршылық кезінде де, одан кейін де үкімет халыққа талонмен берілетін көмек түрінде көбінесе тары таратты. 1930 жылы қыста ел осы науқанға қарсы көтеріліс ұйымдастырғанда Ақтөбе қаласында округтік комитетінің жабық түрде өткізген отырыстарының бірінде мынадай шешім қабылданған: «Қолда бар мәліметтерге сай Табын ауданының батырақ-бай тобы, шамамен 1000 шаруашылық, Ембі өзенінің төңірегіне қоныс тепкен және азық-түліктің жоқтығынан аш қалды, оларға өлкені іштей қамтудың есебінен екі вагон тары жіберуді қажет деп тану, жолдас Хухаревке аталған шаруашылықтардың нақты орнын, санын және азық-түлікті көлік-арбамен жеткізу мүмкіндігі бар-жоғын анықтауды тапсыру».

БІР УЫС ТАРЫ ҮШІН ҚАМАЛҒАНДАР



1930 жылдардың басында, яғни аштық жайлаған кезде шыдамы таусылған жандардың арасында сотталғандар аз емес. Ол заманда қайғы әкелген «Үш масақ заңы» белгілі еді. Мемлекеттік кәсіпорындардың, колхоздардың және кооперациялардың мүлкін қорғау, сондай-ақ қоғамдық (социалистік) меншікті

нығайту туралы КСРО Орталық атқарушы комитеті мен Халық комиссарлары кеңесінің 1932 жылғы қаулысын халық осылай атап кеткен еді. Жүйе астық жиналған соң бір уыс тарыны етегіне салып әкеткен ананы да, көрілерді де, қысқасы ешкімді аяған жоқ.

«Үш масақ заңы» шықпай тұрып-ақ астық сұрап, оны ала алмаған көп адам «кеңес билігіне қарсылық танытқаны үшін» түрмеге қамалған болатын. 70 жастан асқандарды бес жылдың орнына 2,5 жылға соттау туралы үкім шығарылып отырды. Ақтөбе облысының мемлекеттік мұрағатында осындай ондаған егде адам туралы мәліметтер кездеседі.

1931 жылы ашаршылық болғанда Ақтөбенің шалғай аудандарына көмек жетпеген. 1933 жылы 25 наурызда ОГПУ-дің Ақтөбе облыстық бөліміндегі саяси-құпия бөлімшенің берген мәліметінде азық-түлік қиындығы осы облыста қатты байқалғаны айтылған:

«Азық-түлік тапшылығы әсіресе Ақтөбе облысының Ойыл, Торғай, Батбақара, Темір, Табын, Шалқар аудандарында, сондай-ақ ішінара басқа аудандарда қатты сезілуде. Біздің аудандық бөлімшелер мен аудандық аппараттар жинаған азық-түлік тапшылығы жайлаған аймақтар туралы жеткіліксіз мәліметтің өзі көрсетілген аудандардағы жағдайдың аса ауыр екенінен хабар береді».

Сонымен қатар бұл дереккөздерде 1931 жылы көктемде Торғайдан 2000-нан астам қожалықтың Сыр өңіріне, Шалқарға, Әйтеке биге қарай шыққаны жазылған. Осы кезде де жолда көп адам өлген.

ТАРЫ ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ

Астық дайындау науқаны басталғанда халық тарының арқасында жан сақтап қалды. Ырғыз, Шалқар, Торғай, Байғанин аудандарында бидай өспейтін. Күннің ыстық болуы, қуаңшылықтың жиі қайталануы өңірде басқа астық түрлерін егуге кедергі келтіргендіктен тек қана тары егетін. Сондықтан да тарының Ақтөбе аумағындағы халықтың санасында ерекше орнығып қалуын ашаршылық кездегі қиындықпен байланыстырған дұрыс.

Шыны керек, тары сол кезде қиындықтан қажыған халықтың үміт артқан жалғыз азығына айналды. Сол уақытты ауылдағы үлкен кісілер былай деп еске алатын:

«Тарыны жақсы көргеннен пайдаланбадық. Халықтың қолында тұтылатын басқа ештеңе болған жоқ. Анамыз қолына түскен азғантай етті асқанда, шүберекке түйіп тарыны суға немесе соплаға салып пісіретін. Соны жейміз. Бидай не қазіргідей тағам түрі көп болса, бейнеттеніп несі бар. Халық амалсыздан қолданды ғой».

Сол жылдары дүниеге келген балалар кезінде қиналған жұртың қуырылған тарының қауызын да пайдаланғанын айтады.

РЕКОРДТЫҚ ӨНІМ ЖИНАУ



Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында, яғни егіншілік науқаны стратегиялық мәнге ие болғанда, тарыдан алынған мол өнім басқа аймақтарға жөнелтіле бастады.

Дәл осы уақытта күллі қазақ жерінде, тіпті елден тыс өңірлерде Шығанақ Берсиевтің есімі дүркіреп шықты. Ол шөлейт жерде сапалы тары сортын өсіріп, тіпті соғысқа дейін және соғыс жылдарында (1941–1943) рекордтық өнім жинады. Даңқты диқанның өмірі туралы Ғ. Мұстафин «Шығанақ» атты роман жазды. Егіннің түсімі рекордтық межеден асқанымен тұрғылықты қарапайым халықтың қолы тарыға жете бермейтін. Тарихшы Қадірбай Жолдасовтың айтуынша, соғыс жылдарында ауылдарда күніне 4 адамға қос уыс көлемінде — 500 грамм шамасында дән берілген көрінеді.

Жолдасовтың сөзінше, мемлекеттен берілетін мұндай көмек халық арасында «норма» деп аталған. Соны күнде кешкілік қоймадан әкеліп, тамақ қылып, талғажау ететін. Қазанында қайнап жатқан ештеңесі жоқ халық көлесі күні де әлгі көмекті асыға күтетін. Тіпті жан сақтаудың амалын іздеген кейбірі ұра жасап, тарыны соған тығып сақтаған. Халық осылай тарыны жасыру арқылы бойындағы қорқынышын сөйлететін. Себебі көмген тарының ізі байқалса, өзіне жала болып жабысатын. Ал «астықты үйінде жасырды» деп айыпталған талай адамның түрмеге қамалғаны сол кездегі газет беттерінде жазылған.

ТАРЫМЕН ЖАЛҒАСҚАН ТІРШІЛІК

Астық даярлауға қатысты халықты қысымға ұшырату құлақтарды қудалаумен қатар, яғни 1920 жылдардың аяғында басталды. Мәселен, 1929 жылы «Степная правда» газетінің №87 (294) санында «Бай мен құлақтар — ауыл мен поселкелердің өрмекшілері» деген айдармен осы мәселеден хабар беретін бірнеше материал шыққан. «Құлақтар кепілдемесі» деп аталатын шағын мақалада былай жазылған:

«Успеновский атты құлақтар поселкесі жағалай кепілдік негізіндегі нан дайындау жоспарын орындамай жатыр. Жоспар бойынша 68022 пұт берілуі керек еді, ал 20 желтоқсанда поселке тек 18587 пұт қана берді. Поселкенің басшылығы 53662 пұт жеткізбей берді. Жоспарды орындауға 72 сағат мерзім берілді. Жоспар орындалмаса, бойкот жариялап, жерге ие болу құқығынан айыру».

Осы арада дәулеті тасып, шалқып өмір сүрген, алайда аштық жылдары бір кездері өзі көмектескен жандардан бір уыс тары

сұрауға мәжбүр болған адамдардың тағдырына тоқтала кеткен жөн. Мәселен, 1930 жылдардың аяғында Төпсендегі Жолдас ақсақалдың үйіне туысы Қабылбай мен Қартпай деген кісілер келіп қоныпты. Ақтөбеден Ырғызға бет алған, түрмеден шығып келе жатқан кездері екен. Бұл кісілер — 1928 жылы мал-мүлкі тәркіленіп, отбасымен Қарқаралыға жер аударылған қазақтың ірі байларының бірі.

Екеуі де 1918–1919 жылдары Алаш әскерін қолдап әскерге адам жинаған, мал берген. 1919 жылы Ырғызда ас беріп, Алаштың милициясын қолдауды ұйымдастырған. Қабылбайдың туысы тергеушіге берген жауабында 300-ден астам ағаш үй тігіліп, әр үйге жылқыдан басқа бір қойдан сойылғанын, асқа жер-жерден байлардың, басқа да кісілердің келгенін, Алаш милициясының қатысқанын айтыпты. Сол үшін Қабылбайды үкімет қайта-қайта қудалап, соттап тынады.

1928 жылы Қабылбай Қарқаралыға, одан кейін Омбы қаласына жер аударылады. Көзкергендердің айтуынша, айдаудан қайтқан екеуінің де жағдайы нашар болыпты: әбден шаршаған, қамауда жүріп, денсаулығынан айырылған.

Танертең екеуі ерте тұрып, Ырғызға қарай жаяу жолға шығады. Үйден шығып бара жатып Қабылбай жайып қойған тарыны көріп: «Келін, мына тарыдан қалтама салып алайыншы», – деп сұрайды. Сонда келіні: «Қайнаға, бұл не дегенің, мына тарының барлығы сіздікі», – деп бір-екі келі тарыны шүберекке түйіп, қолына ұстатады. Үш мың жылқы өсіріп, талайға көмегін аямаған байдың балалары осылай бір уыс тарыға мұқтаж болған.

БАЛАЛАР ЕҢБЕГІ

қиын деген адам жоқ болды. Алайда тек ересектер емес, балалар да ауыр еңбекпен айналысты. Екінші-үшінші сыныпта оқитын оқушылар да колхоздың егісін торғайдан күзетті. Мәселен, 1930 жылы «Степная правда» газетінің №7 санында «Оқушылар — егіс науқанына (үндеуден)» деген тақырыпта жазылған мақала жарияланған.

Сонда егіс алқабына апарылған оқушыларға оны құстан қорғауға тапсырма берілген:

«Тұқымды тазалауды және оны дәрілеуді ұйымдастырыңдар, зиянкестерге қарсы күресетін мектептік өкпінді бригадалар құрыңдар, колхоздар туралы халық арасында, оның ішінде бірінші кезекте туыстарың мен таныстарыңа үгіт-насихат жүргізіңдер, спектакльдер мен демонстрациялар өткізіңдер, ұрандар мен үнпарақ таратыңдар. Мектептің болсын, жалпы ауылдық болсын, қабырға газеттерін шығарыңдар, мектеп аумағындағы жерлерге егін салыңдар. Егіс науқаны кампаниясын ең жақсы өткізген мектептер радиоаппараттармен, кітапхана-лармен және тағы басқамен марапатталады».

ТАРЫНЫ ҚАЛАЙ ТҰТЫНҒАН?

Тары шығуы мен өсімі күй талғамайтын астық болғанымен жинауы, өңдеп, дайындауы үлкен еңбекті, төзімді қажет етеді. Тарыны техникамен жинағаннан, қолмен жинаған тиімді. Бірақ бұл өте қиын: адам үнемі еңкейіп жүріп жұмыс істеуі керек. Шалғымен оруға тағы келмейді, масақтың дәні шашылып, жерге түсіп қалады.

1930 жылдары үкіметке астық дайындау науқаны кезінде аудандарда басшылар тиімді болсын деп, қурату үшін тарыны көктей шауып жинатқан. Оны шалғымен орғысы келгендер тағы қудаланды. Архив қорларында мұндай жағдайға қатысты деректер көп кездеседі:

«Ырғыз ауданы: №22 ауылда 30 гектардан тек 7 гектар егіс жиналды, қалғаны күйіп кетті. 7 гектардан 3 цент. 40 келі жиналды. Егілген тұқым 22 цент. 50 келі болатын. №4 серіктестік төрағасы Аяпов, байдың ұлы, жылғаларда шіріген жасыл тарыны орып тастауға бұйрық берген (Аяпов жауапқа тартылды)». Содан кейін амал жоқ, пісіп-жетілген тарының басын түбінен сындырып жинаған.

Тарының бір ерекшелігі — жер құнарлы, топырақта ылғал жеткілікті болса, аз жердің өзінен мол өнім аласың. Екінші ескеретін нәрсе — тары сақтауға өте қолайлы. Көшпелі тұрмыста мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқы жайлау мен қыстауға көшкенде, жерге көміп сақтауға ыңғайлы деп, осы астық түрін көп қолданған. Сондай-ақ көктемде немесе күзде отыратын жерге егіп кететін.

Тары астық күйінде ұзақ сақталғанымен, қуырылған түрде шектеулі уақыт сақталады, әрі кетсе екі-үш апта ұстауға болады.

Тары қолмен жиналғандықтан, дайындау кезінде оның дәнін қауызынан алу үшін сол күйінде қазанға салып, бір қалыппен қайнатады. Содан кейін қайтадан үлкен қазанға қуырады. Бұрын қазақтарда тары қолдан-қолға жүрмеді, әр үй өзі әзірлейтін және қолмен түйетін.

Қиын уақыт барлығы есептеулі, сондықтан үйде ет асқанда балалар аш қалмасын деп, әсіресе үлкендеулеріне еттің сорпасына тары бөктіріп береді екен.

Қазіргі кезде тарыны аспаздар дәстүрлі қазақ тағамдарының бір элементі ретінде қолданады. Алайда оның тарихи рөлі әлдеқайда салмақты. 1930 жылдардағы ашаршылық, күштеп ұжымдастыру және қуғын-сүргін кезінде тары тек тамақ емес, мәдени һәм әлеуметтік құбылыс болды. Сондықтан оның маңызы гастрономиямен шектелмейді, себебі тары адамның тірі қалу-қалмауы бір уыс дәнге байланған замандағы табандылық пен шыдамның, бүкіл халыққа ортақ жадының символына айналды.

Үмбетқан СӘРСЕМБИН



ҚАУІПТІ КЕЗЕҢДЕ ҚАМСЫЗ ОТЫРМАЙЫҚ!

ӨРТ ҚАЙ УАҚЫТТА ДА ҚАУІПТІ. БІРАҚ, ЖАЗДА ҚАУІП ЕКІ ЕСЕ КҮШЕЙЕДІ. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ ҚЫЗМЕТ-КЕРЛЕРІНІҢ АУДАН КӨЛЕМІНДЕ ӨРТТЕРДІҢ АЛДЫН-АЛУ МАҚСАТЫНДА АТҚАРҒАН ТҮРЛІ ШАРАЛАРЫНА ҚАРАМАСТАН АУДАН КӨЛЕМІНДЕ ӨРТ ОҚИҒАЛАРЫ ӨЛІ ДЕ АЗАЙМАЙ КЕЛЕДІ.

ОРМАН ДАЛА АЛҚАПТАРЫНДА ӨРТТІ БОЛДЫРМАУҮШІН:

- далалық алқаптарда от жағуға, жанар-жағармай заттары сіңген сұрту материалдарын тастауға, тез тұтанатын және бықситын материалдарды тастауға тыйым салынады.
- шөп шабу жұмыстарын жүргізу кезінде әрдайым өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң түрде сақтау;
- шөп шабуға жұмылдырылатын техникалар мен агрегаттарды техникалық байқаудан өткеннен кейін ғана қолдану;
- техникалар мен агрегаттарды алғашқы өрт сөндіру құралдарымен толық мөлшерде қамтамасыз ету;
- облыстық және жергілікті маңыздағы автокөлік жолдары бойында темекі тұқылын тастамау;
- табиғат аясында демалыс уақытын өткізу және кезекпен мал бағу кезінде от жақпау, темекі тұқылын сөндірмей тастамау және тез тұтанғыш қоқыстарды шашпау қажет;
- мал қыстақтарындағы мал баздарының сыртқы аумағындағы жерлер үйілген шөп скирдерінің айналасы жыртылып симмен қоршалуы тиіс;
- пішен маяларын электр желілерінің жақын орналасқан жерге жинауға тийым салынады;
- шаруа қожалықтары өздеріне тиесілі жерлердің аумағын жырту арқылы өрттен қорғауы қажет.

Далалық жерлердегі өрт-

тердің басты себебі шаруа қожалықтардың қолданысындағы агрегаттар мен техникалардың ескіруі, ұшқын өшіргіштермен және алғашқы өрт сөндіру құралдарымен қамтылмауы. Сонымен қатар, облыстық және аудандық маңыздағы тас жолы бойында көлік жүргізушілерінің темекі тұқылын сөндірмей тастауынан да өрттер тіркелуде. Тұрғын үй аумақтарында өрттерді болдырмау үшін келесі шараларды орындау қажет: тұрғын үйлерге, құрылыстарына жақын орналасқан аумақтарды тұрақты түрде қоқыстан, қалдықтардан және өртенетін материалдардан тазалап отыру, қоқыстарды арнайы белгіленген жерлерде жинап, шығарып тастау қажет. Оларды жинау орындарында өртеуге болмайды. Осы айтылған шаралардың барлығы әр азаматтың сана сезімінде болып, немқұрайлы қарамауы тиіс. Өртті болдырмау, алдын алу шараларын жасау баршаамыздың көңіл бөлер ортақ міндетіміз. Өз міндетімізді дұрыс түсіну кездейсоқ өрт шығу фактісіне ұрындырмауы сөзсіз. Өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтамай өрттің туындауына жол берілген жағдайда айыпты тұлғалар Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Кодексіне сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылатын болады.

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ

АЗАПТАУ МЕН ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС ТҮРАЛЫ

2023 ЖЫЛДАН БАСТАП ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ПРОЦЕСТІК КОДЕКСІНЕ ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕРГЕ СӘЙКЕС АЗАПТАУЛАР ТҮРАЛЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕРДІ ТЕРГЕУ ПРОКУРАТУРА ОРГАНДАРЫНЫҢ АЙРЫҚ-ША ҚҰЗЫРЕТІНЕ ЖАТҚЫЗЫЛДЫ.



Прокурор азаптау туралы арызды немесе азаптау фактісін анықтай отырып, оны дереу Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің біріңғай тізіліміне тіркейді және шұғыл тергеу әрекеттерін жүргізеді. Қазіргі уақытта азаптауларға және жазаның бұлтартпастығына қарсы тұру мақсатында адамдарды заңсыз ұстау және азаптауды қолдану фактілері бойынша адвокаттар, құқық қорғаушылар және басқада тұлғалар прокуратура органдарына жүгіне алады.

Мемлекет басшысының 2022 жылғы Қазақстан халқына жолдауын іске асыру аясында азаптаулардың және тергеудің басқа да заңсыз әдістерін

алдын алу мақсатында қылмыстық қудалау органдарында үздіксіз бақылау жүргізу үшін бейнекамералар орнатылған. Қылмыстық қудалау органдары қылмыстық процеске қатысушылардың барлық құқықтары мен бостандықтарын міндетті түрде сақтауға, азаптау мен зорлық-зомбылық қолдануға жол бермеуге бағытталды, сондай-ақ қылмыстық қудалау органының ғимаратында прокуратураның байланыс телефондары орналастырылған.

Егерде азаптаулар мен тергеп-тексерудің рұқсат етілмеген әдістері орын алған жағдайда азаматтар прокуратураға арызбен жүгіне алады.

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ПРОКУРАТУРАСЫ

Құттықтау

ОЙЫЛ СЕЛОСЫНЫҢ ТҮРҒЫНЫ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫ ҚАЗЫБАЕВТЫ МЕРЕЙЛІ 63 ЖАСҚА ТОЛУЫМЕН ШЫН ЖҮРЕКТЕН, ДОСТЫҚ СЕЗІММЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Көп жылғы еңбегің еленіп, зейнеткерлік жасқа жеткен күнің құтты болсын! Сол уақыттағы қазақтың маңдай алды оқу орны Алматы мал дәрігерлік институтын бітіріп келген бойда еңбек жолыңды қатардағы қарапайым маман болып «Ойыл» совхозындағы малдарды емдеу-сауықтыру орталығында баста-

дың! Өзіңнің алғырлығың мен ұйымдастыру қабілетіңнің арқасында алдыңғы толқынға ұмтылып, жастардың ордасы комсомолға жұмысқа ауыстың. Сол уақыттан бері мемлекеттік қызметтің барлық баспалдағынан өтіп, бірнеше салада еңбек етіп, өзіңді әр қырынан көрсеттің. Сол қажырлы еңбегіңнің арқасында бірнеше аудандық, облыстық, республикалық марапаттарға ие болдың. Міне, енді зейнет жасына жеттің! Бірге жүрген достарың осы көп жылғы еңбегіңнің жемісін көруге тілектестігін білдіреді. Оқуын жақсы бітіріп, қызмет етіп жатқан Аслан баламыз келін түсіріп, Айгүл екеуің немере сүйеге жазсын! Мектепті «Алтын белгімен» бітіріп, жоғары оқу орнын үздік аяқтап, шетелде оқуын жалғастырып жатқан Айдана қызымыз елге аман-есен оралсын! Әр уақытта ағайын-туысқа қамқоршы бола білдің! «Қарты бар үй – қазына» демекші, ортамыздағы анамызға сіздердің келін түсіріп, немере сүйген, қыз ұзатқан қуаныштарыңды көруге жазсын! Барлық жақсылықты тілейміз!

Игі тілекпен бірге жүрген достарың Ажар, Люба, Манар, Үміт, Асқар, Андрей-Мауыт, Серік-Шолпан, Қонақбай-Ақмарал, Абзал-Нәзира, Бөкенбай-Айжан, Алтынбек-Гүлжанат, Серікқали-Алма.

РУХАНИ ТҮСІНІСТІК - ЕЛІМІЗДІҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Жаратқан Алла Тағалаға сансыз мадақ, ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафаға салауаттар мен сәлемдер болсын!

Рухани түсіністік – адамның ішкі әлемін, жүрек тазалығын, мейірім мен сабырын, басқаларға деген құрметі мен жанашырлығын көрсететін асыл қасиет.

Қоғамның тыныштығы мен тұрақтылығы, елдің бірлігі мен дамуы – адамдар арасындағы рухани келісім мен түсіністіктің арқасында қалыптасады. Жаратушысын таныған мұсылман адам үшін ынтымақ пен бірліктің маңызы өте үлкен. Ата-бабаларымыз «Байлық, байлық емес, бірлік – байлық», «Айтсқан ауыл болмас, болыспаған бауыр болмас» деу арқылы біздерді әрдайым ауызбіршілікте, рухани түсіністікте болуға шақырған.

Қоғамның тұрақтылығы мен дамуының ең басты шарты – халық арасындағы рухани түсіністік пен татулық. Егер адамдардың арасында сенім, құрмет, кешірім мен мейірім орнаса, онда ол қоғам берекелі, сол елдің болашағы жарқын болады. Алла Тағала Құран Көрімде: «Шүбәсіз, мүміндер – бір-біріне бауыр», – деген («Хұқұрат» сүресі, 10-аят).

Бұл аят – мұсылман қауымының өзара қарым-қатынасының іргетасы. Сенімге негізделген, бұл бауырластық – жай ғана туыстық емес, Алла үшін сүйіспеншілікке құрылған рухани байланыс. Ислам тарихында ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Медине қаласында бірнеше дін өкілдерінің бейбітшілікте, бірлік пен ынтымақты өмір сүрулері үшін «Медине конституциясы» атты құжат қабылдаған.

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде: «Бір-біріңді жек көрмеңдер, бір-біріңе көреалмаушылық қылмаңдар, бір-біріңнен теріс айналмаңдар! Уа, Алланың

құлдары! Бір-біріңе бауыр болыңдар! Мұсылманның өз бауырына үш күннен артық ренжуіне рұқсат жоқ», – деп, ынтымақ пен бірлікке шақырған (имам Бұхари). Рухани түсіністік қоғамдағы тыныштық пен ынтымақты сақтау үшін мына негізгі қағидаларды талап етеді. Бірінші: рухани түсінік – бірліктің бастауы Ата-бабаларымыздың «Бірлік қылмай тірлік болмас» немесе «Бірлігі жоқ ел тозар, бірлігі күшті ел озар» деп айтылған кез-келген қоғамның дамуы үшін онда өмір сүретін адамдардың өзара бірлікте, рухани түсіністікте болуы аса маңызды.

Осы себепті де асыл дініміз адамдардың арасын бөліп-жармауға, өзара бірлік пен ынтымақта болуға үндеп, адамзаттың бір атадан тарағандықтарын айтады. Алла Тағала қасиетті Құранның «Хұқұрат» сүресі, 13-аятында: «Ей, адамзат! Сендерді Біз әуелде бір еркек, бір әйелден, бір ата, бір анадан өрбіттік. Өзара қарым-қатынас жасап, бір-бірлеріңді танысын деп түрлі ұлт пен ұлыстарға бөлдік. Алла тағала алдындағы ең абыройлыларың тақуа болғандарын. Шын мәнінде, Алла барлық нәрсені толық білуші, барлығынан толық хабардар», – деп айтқан.

Ұлт ұстазы атанған Ахмет Байтұрсынов бабамыз: «Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс жасау керек», – дейді. Алла Тағала қасиетті Құранның «Әли Ғимран» сүресі, 103-аятында: «Түп-түгел Алланың жібіне (дініне) жабысыңдар да бөлінбедер», – деп, мүміндерге бірлікте болуды бұйырып, бөлінуден тыйған.

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде: «Мұсылмандар бір-біріне бауырмалдықта, мейірімділікте, қарым-қатынаста бір бүтін дене іспеттес.

Егер оның бір ағзасы ауырса, қалғаны ұйқысыз және ыстығы көтерілуінде онымен бірге болады», – деген (имам Бұхари). Денені құрайтын ағзалардың бірігіп дұрыс жұмыс жасағанында ғана дененің сау болатындығы сияқты, қоғамның мүшесі саналатын адамдар да, өзара бауырмалдық пен бірлікте болса, ол қоғам өркендеп гүлденеді. Екінші: рухани түсінік – әділ қарым-қатынастың негізі. Адам өз өмір сүрген қоғамында өзгелермен қарым-қатынасты дұрыстап, барлық адамға бірдей әділ бола біліп, тең дәрежеде қарай білуі керек. Адам баласының өзара қарым-қатынасында екі ұлы негіз бар: рухани түсінік пен әділет.

Бұл екеуі бір-бірін толықтырып, адам жүрегін жұмсартып, қоғам тірегін нығайтады. Егер адам өз бауырының ішкі әлемін түсіне білсе, әділ шешімге де, шынайы мейірімге де қол жеткізеді. Алла Тағала қасиетті Құранның «Нахыл» сүресі, 90-аятында: «Анығында, Алла адамдарды әділ болуға, жақсылық жасауға, ағайынға қарайласуға бұйырады. Арсыздықтан, тоңмойындықтан, азғындықтан тыяды», – деп бұйырған.

Бұл аят – әділет пен рухани кемелдіктің Құрандағы ең көркем көріністерінің бірі.

Мұнда Алла Тағала әділ болуды, жақсылық істеуді, адамдармен жылы қарым-қатынаста болуды өмір етіп, қоғам ішіндегі бұлушылықты тудыратын барлық жағымсыз сипаттардан сақтандырады. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қоғамның ынтымағы мен бірлігін сақтау жолында үлкен қажыр-қайрат жұмсады.

Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Мәдина халқы арасында (ірікжүзділер) өте жақсы білсе де, қоғамның бірлігі бұзылмас үшін оны ешқашан елге паш етпеген.

Паш ету былай тұрсын, олармен мұсылмандар секілді қа-

рым-қатынас жасайтын. Мұнафықтардың көсемі Абдуллаһ ибн Убәйдің адам айқысыз қиянаттарына төзіп, оған көз жұма қарауы бірлікті көксеудің айқын дәлелі. Үшінші: рухани түсінік – өзгелердің қателігіне кешіріммен қарауға себеп. Адамдардың теріс мінез-құлықтарына сабыр ету, кешіріммен қарау қоғамдағы ынтымақ пен бірлік үшін аса маңызды. Қасиетті Құран Көрімнің «Шұра» сүресінің, 43-аятында Алла Тағала: «Әрине кім сабыр етіп, кешірімді болса, дау жоқ, істердің ең маңыздысы осы», – деп айтқан.

«Кешірім жасау – кеңдік, кешіре алмау – кемдік» демекші, кешіре білу – адамның кеңдігінің, мінез-құлқының көркемділігінің дәлелі. Алла Тағала Қасиетті Құранның «Нұр» сүресі, 22-аятында: «Кешірімді болып, көңілдеріне алмасын. Сендер Алланың өздеріңді кешіргенін жақсы көрмейсіңдер ме? Алла өте кешірімді, ерекше мейірімді», – деп айтқан. Демек, өзгені кешіре білген адам, Жаратушының да кешіріміне бөленбек.

Хазіреті Әбу Бәкір (Алла оған разы болсын) өзінің туысы әрі кедей болғандықтан, Мистах атты кісіге әрдайым көмек қолын созып тұратын еді. Ардақты Пайғамбарымыздың аяулы жарты, Әбу Бәкірдің (Алла оған разы болсын) қызы Айша анамызға (Алла оған разы болсын) жала жабылғанда, сол есекті таратушылардың бірі Мистах екендігін біледі.

Алла Тағала «Нұр» сүресінде Айша анамыздың күнәсіз екендігін айтып, оған қатысты сөздердің барлығы ашық жала екендігін баяндағаннан кейін, Әбу Бәкір (Алла оған разы болсын): «Алла Тағаламен ант етейін, Мистахтың Айша жайында айтқан сөздері үшін, енді оған ешқандай да көмек қолымды созбаймын», – деп айтады. Осы кезде қасиетті Құранның: «Сендерден кеңшілік, молшылыққа ие болғандар

жақындарына, міскіндерге, мунажирлерге Алла жолында бермеуге ант етпесін. Кешіріп, кеңіліне алмасын. Алланың сендерді жарылқауын жақсы көрмейсіңдер ме? Алла аса жарылқаушы, ерекше мейірімді», – делінген аят түсті («Нұр» сүресі, 22-аят). Сонда Әбу Бәкір (Алла оған разы болсын): «Әрине, Алланың атымен ант етейін, расын да, мен Алла Тағаланың мені кешіргендігін жақсы көремін», – деп, Мистахқа барып, оған бұрын көмектесіп тұрғанындай, қайтадан көмегін беруді жалғастырған екен.

Төртінші: рухани түсінік – мейірімділік пен жанашырлықтың кепілі. Жанашырлық – қиын жағдайға тап болған адамға деген ерекше ықыласы мен қамқорлығы және оған жәрдемдесем деген ниетінің болуы – рухани түсініктің заңғар шыңы. Бұл сипат адамның көркем мінез-құлқының, адамгершілігі мен мейірімділігінің дәлелі. Халқымыз: «Адам баласынан мейірім қашса, жер бетінен жақсылық қашады», – дейді. Оттың отыны қаншалықты көп болса, соншалықты жарық пен жылуын көбірек шашатындығы тәрізді, адам баласы қаншалықты мейірімді болса, өзгелерге соншалықты жәрдемші болуға тырысады.

Сол мейірімділік арқылы біздер бір-бірімізге жанашыр, өзгенің басына іс түскенде жәрдемдесе білу, қиналғанда сүйеу, жабырқағанда демеу бола білуіміз тиіс.

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Мұсылман – мұсылманның бауыры. Ол бауырына қиянат жасамайды және оны залымдарға тастамайды.

Кім бауырының мұқтаждығын өтесе, Алла да оның мұқтаждығын өтейді» – деген (имам Бұхари).

Ал жығылғанға жудырық болу, бір-бірін түсіне алмай, алтыбакан ала ауызға айналу мұсылманға жат сипат. «Біріңді қазақ бірің дос, көрмесен істің бәрі бос» дейтін Абай Хәкім өзінің қара сөздерінде

бірлігімізге сызат, жанашыр адамдарға тән болмайтын кейбір істерімізді сынап былай деген: «Біреудің ағайыны торқалы той, топырақты өлімде, адалдық берекеде алысуға табылмай, барымта алалық, ұрлалық десе, табыла қоятыны қалай? Бәйгеге ат қоссаң, атынды тартыспай тұғын ағайын, атын келсе, бәйгесіне өкпелейтұғыны қалай? Баяғыда біреу біреуді пәлен жасымда келе жатқанда пәлен жерге жеткізіп салып еді деп, соны өлгенше айта жүруші еді.

Осы күнде бұл жылғы берген ендігі жылға жарамайтұғыны қалай? Байдың баласы кедей болса, ұрлық қылуға арланбайды, байға кірісуге арланатұғыны қалай? Екі жақсы бір елде сүйіскен достығында тұра алыспайды. Кейбір антұрғандардың тым-ақ тату бола қалатыны қалай? Біреуді досым деп ат беріп жүрсең, оған сенің бір дұшпаның келіп бір тай берсе, бұзыла қалатыны қалай? Күнде тілін алатұғын достан кейде бір тіл ала қойған дұшпанға кісінің өле жаздайтұғыны қалай? Көп кісі досым жетілсе, екен демеуді, егерде жетілсе, бағанағы досына бір бітімі жоқ дұшпан сол болатұғыны қалай?».

Қорыта айтқанда асыл дініміз Ислам бейбітшілік пен тыныштыққа үндеп, қоғамның тыныштығын бұзатын бүлік пен ірікті салушылыққа қатаң түрде тыйым салады. Алла Тағала қасиетті Құранның «Бақара» сүресі, 217-аятында: «Бүлік шығару адам өлтіруден де ауыр (күнә), – деп айтқан. Рухани түсіністік – адамның өзге адамның ішкі дүниесін, сезімін, сенімін, пікірін құрметпен қабылдай білуі.

Бұл – тек келісу емес, басқаның көзқарасын түсінуге, оның орнына өзіңді қоя білуге ұмтылу.

Мұсылман – бауырын сүйетін, кешіре білетін, сабырлы, кеңпейілді жан.

Бақарық қажы ҚЫЗЫРҰЛЫ, Ойыл аудандық мешітінің бас имамы.